

ТҰТЫҚПАНЫ ТҮЗЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ КЕШЕНДІ ӘДІСІ

Бисенова Н.М., Ермакова М.Г.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды

Тұтықпа - кең таралған сөйлеу бұзылыстарының қатарына жатады. Бұл ерте мектеп жасына дейінгі балаларда олардың сөйлеуі мен жеке басының белсенді қалыптасуы кезеңінде пайда болады және болашақта баланың көптеген сипаттамаларының дамуына кедергі келтіре отырып, оның әлеуметтік бейімделуінің дамуына кедергі келтіреді. Қазіргі уақытта тұтықпамен адамдардың сөйлеу және сөйлеу қарым-қатынасының бұзылуы мәселесін зерттеу өзекті болып отыр. Адамның сөйлеуі адамның қоғаммен қарым-қатынасының, өзара әрекеттесуінің маңызды құралы екені белгілі. Сөйлеудің бұзылуы кез-келген дәрежеде жеке тұлғаның дамуына және ауызша қарым-қатынасқа кедергі келтіретін фактор болып табылады. Тұтығыш сөйлеу актісіне қатысатын бұлшықеттердің қысығуымен байланысты сөйлеу ырғағының, жылдамдығының және тегістігінің бұзылуы жатады. Тұтығу - бұл балалық шақта жиі кездесетін бұзылулардың бірі. Бұзылыс көбінесе 4-5 жасында дамиды, бұл кезде ойлаудың қарқынды қалыптасуымен байланысты фразалық сөйлеудің едәуір қиындауы орын алады және бала танымдық сипаттағы көптеген сұрақтар қоя бастайды. Алайда, тұтығудың пайда болуы ерте жаста, сөйлеудің қалыптасу кезеңінде (2-3 жас) мүмкін.

XIX ғасырдың аяғында психиатр И.А.Сикорский алғаш рет тұтығудың 2 мен 5 жастағы балалардың арасында жиі кездесетінін анықтап, оны «Бала ауруы» деп атаған.

Арнайы әдебиеттерде тұтықпаның механизміне қатысты әр түрлі көзқарастар кездеседі. Ерте заманда тұтықпаны бас миы мен тілдің ылғалдылығының кемшіліктерінің салдарынан болатын ауру деген түсініктер болған. XIX ғасырдың аяғында тұтықпаны күрделі психофизикалық бұзылу деген пікір тұрақтала бастады. Кейбір авторлардың пікірінше, ақаулықтың негізінде физиологиялық бұзылыстар біріншілік, ал психологиялық көріністер екіншілік сипат алды деген. Ал көптеген зерттеушілер психологиялық ерекшеліктері көрініс табады, ал физиологиялық көріністер соның салдарынан болады деп есептейді. Тұтықпа - сөз ырғағының қалыпсыздығы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының тұтықпаға берген анықтамасы - тұтықпа адам айтпақшы ойын біліп тұрғанымен, амалсыздан, сөз буынының қайталануы, ұзаруы немесе тоқтап қалуы. Тұтықпа балаларды клиникалық зерттеу нәтижесінде В.С.Кочергина тұтықпаны симптом да емес, синдром да емес, ол орталық нерв жүйесінің ауруы деп тұжырымдайды[1].

Тұтығу кейде аяқ астынан пайда болады, кейде білінбей жүріп, бірте-бірте күшейе береді. Ол ішкі және сыртқы тітіркену мен жүйке ауруларының сипатына байланысты кезекпен бірде бәсеңдеп, бірде күшейеді.

Тұтығу үш дәрежеге бөлінеді.

1. Жеңіл дәрежеде тез сөйлегенде немесе толғанып сөйлегенде ғана тұтығады.
2. Орташа дәрежеде бала өзіне таныс ортада жеңіл сөйлеп аз тұтығады, бөтен адамдар арасында тұтықпа күшейеді.
3. Ауыр дәрежеде бала барлық сөйлеу түрінде тұтығады, ылғи да ілеспелі қимыл-қозғалыстар жасайды.

Тұтықпаның ауыр дәрежесінде қимыл қозғалыстар әртүрлі болып келеді: көз қысу, танауын жіпідету, басын төмен салбырату, шайқалту, саусақ қысу, аяқтарын соғу, денесін түрлі қозғалысқа келтіру[2].

Қазіргі замандағы тұтықпаны түзетудің кешенді әдісін тұтығушының психофизиологиялық жағдайына әртүрлі мамандардың және әртүрлі тәсілдермен ықпал етуі деп түсінеді.

Емдеу-педагогикалық кешенді әдісті тұтығушыға ықпал ету сипатына қарай екіге бөлуге болады: емдеу-сауықтыру және түзету-педагогикалық.

Емдеу-сауықтыру жұмысының негізгі мақсатына тұтығушы жүйке жүйесі мен денсаулығын нығайту және сауықтыру, психофизиологиялық жақтарының ауытқуларын жою және емдеу жаталы.

Емдеу-сауықтыру жұмысына емдеуге тиімді жағдай жасау, күн тәртібі мен тамақтану тәртібін ұйымдастыру, шынықтыру, емдеу физкультурасы, дәрімен емдеу, физио және психотерапия жатады.

Күн тәртібі мен тамақтандыру тәртібі. Тұтықпа балалардың көпшілігі ашушаң, әлсіз келеді, сондықтан күн тәртібін анықтап, құрастыруда дем алуға жеткілікті, көп уақыт беруін, сабақтан тыс, басқа жұмыс мөлшерін азайту керек.

Шынықтыру процедуралары. Баланың күн тәртібінде міндетті түрде шынықтыру процедуралары қарастырылады: таза ауада жүру, спорттық ойындар, сүртіну, құйыну, душ қабылдау, шомылу т.б. Баланың денсаулығын, жеке тұлғалық ерекшелігін ескере отырып шынықтыру түрлерін дәрігер тағайындайды.

Емдеу физкультурасы мен ритмика. Тұтықпа балалардың кемшілігінде әр түрлі деңгейде моторикасының бұзылуы байқалады. Сондықтан физикалық жаттығулардың ондай балалар үшін емдік маңызы зор. Емдік физкультураның бір саласына логопедиялық ритмика жатады. Ритмикада қимыл жыттығулар жүйесі музыканың сүйемелдеуімен және баланың сөйлеуімен қоса жүреді. Музыкалық қимыл жаттығулары жалпы моториканың, бұлшық еттердің қимылдарын дамытуға және тәртібін қалыптастыруға зор әсерін тигізеді.

Дәрімен емдеу орталық және вегетативтік жүйке жүйесінің қызметін қалыпқа келтіріп, сөйлеу аппаратының тырысуын азайтады, психогендік өзгешеліктерін азайтып, жалпы организмді сауықтырады.

Психотерапия. Тұтықпаны кешенді емдеу жүйесінде психотерапияның орны ерекше. Сөзбен ықпал етудің негізін түсіндіру, сендіру, көндіру әдістері жатады, ал бұл әдістер емдеу-педагогикалық жұмысында кең пайдаланылады[3].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мырзакулова А. Тіл кемістігінің тұтықпа түрі және оны түзетудің жолдары// Дефектология, №4, 2017. Б.15.
2. Наурызова С.З. Тұтықпаны жоюдың мақсатты бағыт-бағдары// Дефектология, №11, 2018. Б. 15.
3. Логопедия: Оқулық. // Қ.Қ.Өмірбекова, Г.С.Оразаева, Г.Н.Төлебиева, Г.Б.Ибатова – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011, 283б.

ВОЗМОЖНОСТИ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ДОШКОЛЬНОМ УЧРЕЖДЕНИИ

Бородин М.В., Тритинникова Л.Г.
КГКП «Ясли-сад Ұшқын», Жезказган

В нашей стране предусмотрена защита прав детей которая отражена в ряде Законах Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан», «Об образовании», «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан».

Развитие человека способного самостоятельно и осознанно строить свою жизнь учитывая общечеловеческие ценности и конечно же культуру и традиции своего народа можно назвать главным звеном развития современного образования в мире.

Все мы знаем, что дошкольный возраст является важным периодом становления личности, поэтому на современном этапе важной задачей дошкольного образования является не только в формировании определенной суммы знаний, но и в развитии базовых способностей личности, ее социальных и культурных навыков, здорового образа жизни [1, с. 47].